

Келісілді: Т.С.А.
№ 8 «Күншуақ» бөбекжай балабақша
әдіскері А.Т Атыгаева
«02» 09 2025 ж.

Бекітемін: Саутбекова
№ 8 «Күншуақ» бөбекжай балабақша
менгерушісі Ж.А Саутбекова
«02» 09 2025

2025-2026 оқу жылы

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған II-деңгейдегі 4-5 жастағы балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-
әрекеттің бағдарламасы

Бірінші жарты жылдық (қыркүйек-желтоқсан)

Логопед: Кенжеғалиева Г.К

Түсінік хат

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған II-деңгейдегі 4-5 жастағы балалармен жүргізілетін түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Бағдарлама ЖСТД II-деңгейдегі балалардың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму сатыларын және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып құрастырылды. Негізгі мақсат – қарапайым сөздер мен нұсқауларды түсінуін дамыту, сөздік қорын толықтыру, сөйлемнің қарапайым құрылымдарын меңгерту және қарым-қатынасқа қатысуға ынталандыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Импрессивті сөйлеу: қарапайым және күрделірек нұсқауларды түсіну, сөздерді сәйкестендіру, сын есімдерді ажырату, қарапайым кеңістік қатынастарын меңгеру.
- Экспрессивті сөйлеу: екі-үш сөзден сөйлем құрастыру, тәуелдік жалғауларын қолдану, сын есімдер мен зат есімдерді байланыстыру.
- Байланыстырып сөйлеу: суретке қарап сөйлемді толықтыру, кимылды сөзбен сипаттау, сұраққа қысқа жауап беру, тақпақтарды қайталау.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: тыныс алу, буынға бөлу, дауысты дыбыстарды анық айту.
- Коммуникативтік дағдылар: қарапайым сұрақ-жауап үлгілерін қолдану, сыпайылық сөздерін айту («Сәлем», «Рахмет»), құрдастарымен қарапайым диалог жүргізу.

Күтілетін нәтижелер: сөздер мен сөз тіркестерін түсінеді, 2–3 сөзден сөйлемдер құрайды, сын есімдер мен зат есімдерді қолданады, тақпақтар мен шағын өлеңдерді қайталайды, қарапайым қарым-қатынасқа қатысады.

Түзете-дамыту бағдарламасы
ЖСТД 2- деңгей ересек топ, 1-жарты жылдық

Бағдарламаны әзірлеу күні **10.09.2025ж**

Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Ахатқызы Айлин**

Жасы. **4 жаста**


Мамандар (бейін) **Логопед**


| Мерзімі | Даму жұмысының бағыты Мақсат және күтілетін нәтиже | Жетістіктерін белгілеу | Ескертпе |
|--------------------|--|---------------------------|----------|
| Қыркүйек-желтоқсан | Импрессивті сөйлеуді дамыту | | |
| | <ul style="list-style-type: none"> - «Барма!», «Келме!» сияқты болымсыз формаларды ажыратуға үйрету; - Сөздер жұбын сәйкестендіруді қалыптастыру (ашты – жапты, отырды – тұрды); - Сын есімдерді салыстыру және қарама-қарсы мағынасын табуға оқыту; | | |
| Қыркүйек-желтоқсан | Экспрессивті сөйлеуді дамыту | | |
| | <ul style="list-style-type: none"> - Толық құрылымды сөйлемдер: «Асан кітап оқып отыр» қолдануға үйрету; - Барыс, жатыс септіктері (үйге барды, үстелде отыр) қолдануын қалыптастыру; - «Мен ойнап жатырмын» " жіктеу есімдігін зат есіммен келістіруді балаларға үйрету; - жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту: «Кішкентай кітаптар»; - Тәуелдік сын есімді құрастыру: «Оның суреті әдемі» – сөйлемде қолдану; - Қарама-қарсы сын есімдерді салыстырып айту: «Бұл ыстық, ал бұл суық»; - Кішірейткіш сөздерді сөйлемде қолдануға үйрету; | | |
| | Байланыстырып сөйлеуді дамыту | | |
| Қыркүйек-желтоқсан | <ul style="list-style-type: none"> - өзіндік фразалық сөйлеуді сурет негізінде өз ойын білдіру, | | |


| | | | |
|--------------------|---|--|--|
| | <p>қолдануға үйрету;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қысқа сөйлемге бір сөздік толықтыру (пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш): «Үлкен қыз қуыршақпен ойнап отыр»; - Сурет/ертегі желісімен сөйлемді жалғастыру; - ертегілерден үзінді, көлемі бойынша үлкен емес, өтірік өлеңдер, тақпақтардың бір шумақ жатқа айту икемін дамыту; | | |
| Қыркүйек-желтоқсан | Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту | | |
| | <ul style="list-style-type: none"> - сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту: буын мен екпінді сақтау; - берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету: ортасында дауысты бар сөздер (ыстық, кітап); | | |
| Қыркүйек-желтоқсан | Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту | | |
| | <ul style="list-style-type: none"> - бала басқа балаларды тыңдай алатын, балалар, ересек адамдармен қарым-қатынас орнатып, сұраққа қысқаша жауап беру, ойын кезінде диалогқа қатысуын дамыту; - Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты қолдану, өтініш білдіруді үйрету: «Маған берші», «Көмектесші»; - Диалог барысында үзіліссіз сөйлеуді қалыптастыру; | | |

Түзете-дамыту көмегінің нәтижелері

Маман қорытындысы

Келісілді: 
№ 8 «Күншуақ» бөбекжай балабақша
әдіскері Г.Т Мамырова
«06» 01. 2026 ж.

Бекітемін: 
№ 8 «Күншуақ» бөбекжай балабақша
менгерушісі м.а Г.Т Мамырова
«06» 01. 2026 ж



2025-2026 оқу жылы

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған II-деңгейдегі 4-5 жастағы балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-
әрекеттің бағдарламасы**

Екінші жартыжылдық (қаңтар-мамыр)

Логопед: Курманбаева А.К

Түсінік хат

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған II-деңгейдегі 4-5 жастағы балалармен жүргізілетін түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Бағдарлама ЖСТД II-деңгейдегі балалардың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму сатыларын және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып құрастырылды. Негізгі мақсат –қарапайым сөздер мен нұсқауларды түсінуін дамыту, сөздік қорын толықтыру, сөйлемнің қарапайым құрылымдарын меңгерту және қарым-қатынасқа қатысуға ынталандыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Импрессивті сөйлеу: жалпылама сөздерді (жыл мезгілдері, тәулік бөліктері) қолдану, кеңістік қатынастарды түсіну («үстінде», «астында», «жанында»), антонимдер мен синонимдерді меңгеру.
- Экспрессивті сөйлеу: 3–4 сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру, көпше түрді пайдалану, барыс және жатыс септіктерін қолдану, сын есімдерді салыстыру («үлкен–кіші», «жылы–суық»).
- Байланыстырып сөйлеу: сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыру, сөйлемді жалғастыру, «және», «өйткені», «бірақ» сияқты шылауларды қолдану, қысқа әңгіме немесе ертегіні мазмұндау.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сұраулы, хабарлы, лепті сөйлемдерді интонациямен айту, дыбыстарды ажыратып дұрыс айту, фонематикалық қабылдауды дамыту.
- Коммуникативтік дағдылар: сұрақ қою, өтініш білдіру, алғыс айту, қоштасу, рөлдік ойындарда қарым-қатынасқа түсу.

Күтілетін нәтижелер: 3–4 сөзден сөйлемдер құрастырады, көпше түрді, септік формаларын қолданады, синонимдер мен антонимдерді меңгереді, сурет пен схемаға сүйене отырып мазмұндайды, сұрақтарға жауап береді, диалог жүргізе алады.

Түзете-дамыту бағдарламасы
ЖСТД 2- деңгей ересек топ, II-жарты жылдық

Бағдарламаны әзірлеу күні **06.01.2026ж**

Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Ахатқызы Айлин**

Жасы. **4 жаста**

Мамандар (бейін) **Логопед**

| Мерзімі | Даму жұмысының бағыты Максат және күтілетін нәтиже | Жетістіктерін белгілеу | Ескертпе |
|--------------|--|---------------------------|----------|
| Қаңтар-мамыр | <p style="text-align: center;">Импрессивті сөйлеуді дамыту</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тәулік мезгілдерін суретпен сәйкестендіруді үйрету (таң – күн – кеш – түн); - Кеңістіктік қатынасты түсінуін («астында», «жанында») «Кітап үстелде, қалам жанында» деп айтуға үйрету; - Үстеулерді екі затпен салыстыруда қолдануға үйрету; - Ұқсас жағдайлар мен іс-әрекеттерді қиымлды салыстыруды жаттықтыру: «Екеуі ойнап жатыр, бірақ бірі секіріп жүр»; - Қарама-қарсы мағыналы етістіктерді ажыратуға дағдыландыру; | | |
| Қаңтар-мамыр | <p style="text-align: center;">Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - есім, етістік, зат есім сөз тіркесінде жауап «Үлкен алма», «Жүгіру тез» беруге үйрету; - Барыс/жатыс септіктерін қолдануын дамыту: «Үйге бар», «Үстелде тұр»; - Сан есімдерді зат есіммен келістіру, өздік етістік қолдану: «Үш бала ойнап жүр», өздік етістік қолдану: «Жуыну», «Киіну»; | | |
| Қаңтар-мамыр | <p style="text-align: center;">Байланыстырып сөйлеуді дамыту</p> <ul style="list-style-type: none"> - Графикалық схема бойынша сөйлем құру «Ұл – үлкен – машина – айдап жатыр» схемасы бойынша суреттің көмегімен айтуға үйрету; - «Және», «содан соң» жалғаулық шылауларымен 2 іс-әрекетті бөліп айту: «Ойнадым және тамақ іштім» сөйлем құрауға үйрету; | | |

| | | | |
|--------------|---|--|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Схема және тірек сурет бойынша қысқа сипаттау: 2 сөйлем құруға (басты әрекет + заттың сипаттамасы) үйрету; - Ертегілер мен әңгімені тірек суретпен басты оқиғаны айтуға үйрету; - Ертегі желісімен кейіпкердің 1–2 сөздік диалогын қайталауға үйрету; | | |
| Қаңтар-мамыр | Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту | | |
| | <ul style="list-style-type: none"> - Буын/дыбысты дұрыс айтуға машықтану; - дауыссыз дыбыстары үйлескен екі буынды «кітап», «шапан», «сөмке» сөздерді айтуға үйрету; | | |
| Қаңтар-мамыр | Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту | | |
| | <ul style="list-style-type: none"> - Сөйлем ішінен мағынасы маңызды сөзге екпін түсіруін дамыту; - Диалогтағы рөлді түсіну және орындауға жаттықтыру. | | |

Түзете-дамыту көмегінің нәтижелері

Маман қорытындысы